

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, «Министрліктер Үйі»
тел.: (7172) 74-24-28, факс: (7172) 74-24-16

010000, город Нур-Султан, «Дом министерств»
тел.: (7172) 74-24-28, факс: (7172) 74-24-16

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары – «Nur Otan»
Фракциясының мүшелеріне
(тізім бойынша)**

*2021 жылғы 10 наурыздағы
№ ДС-105 сауалға*

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі - Министрлік), Сіздердің балалар басылымдарын қолдауға қатысты сауалдарыңызды қарап, төмендегіні хабарлайды.

Министрлік мектеп кітапханаларында балалардың кеңінен танымал мерзімдік басылымдарының болуы мәселесін қолдайтынын хабарлайды.

Мектеп кітапханаларының қызметі Мемлекеттік білім беру ұйымдарының кітапханалар қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау бойынша қағидалармен реттеледі (*бұдан әрі - Қағида*) (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 бұйрығы*).

Қағида оқу-тәрбие процесін және ғылыми зерттеулерді барынша толық ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарының кітапханаларының ақпараттық ресурстарды және кітапхана қорларын қалыптастыру саласындағы жұмысының мазмұнын белгілейді.

Сонымен қатар, Министрлік «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 27-1) тармақшасына сәйкес орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің тізбесін бекітеді.

Газеттер мен журналдар оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерге жатпайтындықтан тізбеге кіре алмайды.

Сонымен қатар, Министрлік Білім беру ұйымдарының кітапханаларын перспективті дамытудың және «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асырудың 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекітті.

Жоспар аясында білім беру ұйымдары кітапханаларының қызметін нормативтік құқықтық қамтамасыз ету, кітапхана қорын дамыту, білім беру

мекемелеріндегі кітапханалардың қызметін ұйымдастыру, «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру, білім беру ұйымдары кітапханаларының материалдық-техникалық базасын дамыту қарастырылған.

Осы орайда, Кешенді жоспарға сәйкес орта білім беру ұйымдары педагогикалық кеңестердің, басқару органдары алқаларының отырыстарына кітапхана қызметіне қатысты мәселелерді шығарып, талқылауға және шешім қабылдауға мүмкіндіктері бар екенін хабарлаймыз.

Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының мәліметі бойынша мектеп кітапханалары республика көлемінде 2018 жылы - 22513 дана (соның ішінде «Ұлан»-3960, «Балдырған»-8093, «Ақ желкен» - 3138, «Дружные ребята» - 7055), 2019 жылы - 21331 дана (соның ішінде «Ұлан»-3696, «Балдырған»- 7418, «Ақ желкен» - 3089, «Дружные ребята» - 7055), 2020 жылы – 14135 дана (соның ішінде «Ұлан»-3537, «Балдырған»- 5451, «Ақ желкен» - 2456, «Дружные ребята» - 2691) балалар басылымына жазылған.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта көп жағдайда басылымдардың электрондық нұсқасын, цифрлық материалдарды пайдалану қалыпты үрдіске айналғанын жеткіземіз.

Министр

А. Аймағамбетов